

**6D070300 – Ақпараттық жүйелер (салалар бойынша), 6D070400 –  
Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету, 6D075100 –  
Информатика, есептеу техникасы және басқару, 6D070200 – Автоматтандыру  
және басқару, 6D071900 – Радиотехника, электроника және телекоммуникация  
мамандықтары бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін  
Ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар бойынша  
Диссертациялық кеңестің ҚазҰТЗУ қарамағындағы диссертациялық кеңестің  
2020 жылғы жұмысы туралы**

## ЕСЕБІ

### 1. Өткізілген отырыстар жөнінде мәліметтер

Жыл бойы диссертациялық кеңестің 4 (төрт) отырысы өткізілді.

**2. Отырыстың жартысынан азына қатысқан кеңес мүшелерінің аты-жөні:** Исимбергенов Н.Т. – денсаулығына байланысты (өзгеріс енгізілді).

### 3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі

№	Аты-жөні	Оқу орны
1	Батаев Нурлан Айбулатович	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
2	Бимұрат Жанар	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
3	Мукашева Асель Коптлеуовна	Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті
4	Шойынбек Айсултан Арманұлы	Сулейман Демерел университеті

**4. Есеп беру жылында диссертациялық кеңесте қарастырылған диссертацияларға қысқаша талдау:**

Диссертациялық кеңес жұмыс мерзімінде 3 (үш) мамандық бойынша 4 (төрт) жұмыс қарастырды. Мамандықтар мен диссертациялық жұмыс төменде көрсетілген:

№	Аты-жөні	Жұмыстың аты	Мамандығының шифрі
1	Батаев Нурлан Айбулатович	Газ тасымалдау агрегаттың жұмыс режимдерін модельдеу және зерттеу	6D070200 – Автоматтандыру және басқару
2	Бимұрат Жанар	Белгісіздік жағдайында инвестициялық тиімділікті талдаудың модельдері мен әдістерін әзірлеу	6D070300 – Ақпараттық жүйелер
3	Мукашева Асель Коптлеуовна	BigData технологиялар құралдарының негізінде қант диабетін диагностикалаудың ақпараттық жүйесін зерттеу және әзірлеу	6D070300 – Ақпараттық жүйелер
4	Шойынбек Айсултан Арманұлы	Эмоцияны дауыс арқылы тану тапсырмасы үшін эмоционалды сөйлеу мәліметтерін автоматты түрде жинау	6D070400 – Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету

## Қарастырылған жұмыстардың тақырыбтарына талдау

### Батаев Нурлан Айбулатовичтің диссертациялық жұмысының тақырыбына талдау

4.1 Батаев Нурлан Айбулатовичтің «Газ тасымалдау агрегаттың жұмыс режимдерін модельдеу және зерттеу» атты диссертациялық жұмысының нысаны өзектілігімен және ғылыми жаңалығымен сипатталады.

*Зерттеудің мақсаты.* Жұмыстың негізгі мақсаты - газ компрессорының және соған сәйкес жабдықтың жұмыс режимдерін модельдеу әдісі, ұсынылған есептеу алгоритмдері мен әзірленген бағдарламалық камтамасыздандыруды сипаттау. Газ айдайтын қондырғының тиімділігінің нашарлау дәрежесін анықтау әдістемесін жасау.

*Зерттеудің өзектілігі.*

Жүргізілген зерттеулер негізінде келесі нәтижелер алынды:

- газ тасымалдау агрегатының жұмысына талдау жасалды, негізгі ГТА жабдықтарының модельдеу алгоритмдері жасалды;
- жабдықтардың тандалған тізімі үшін көлемді газ ағынын қалыптастыру алгоритмі жасалды;
- газ компрессорының негізгі параметрлерін есептеу алгоритмі жасалды; - тандалған жабдық тізбегі үшін газдың массасы мен көлемінің балансын есептеу үшін құрама алгоритм әзірленді;
- газ тасымалдау агрегатының тиімділігінің төмендеу себептеріне талдау жасалып, осьтік компрессордың тозу дәрежесін анықтау әдісі ұсынылған.

4.2 Республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламамен, сонымен қатар Ұлттық мемлекеттік бағдарламамен диссертация тақырыбының байланысы. Диссертациялық жұмыс "Қазақстан-2050" Стратегиясының ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес әзірленген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының міндеттеріне сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ғылымдары дамуының 3.3 «Зерделі жүйелер мен технологиялар» басым бағытына сәйкес келеді.

4.3 Жұмыстың тәжірибелік қолданыстары. Жабдық параметрлерін есептеудің, газдың массасы мен көлемінің теңгерімін есептеудің және газды сығымдау жүйесінің ағымдық ағынын есептеудің алгоритмдері бір қолданбалы бағдарламада жүзеге асырылады, бұл пайдаланушы таңдаған құрылғы тізбегін динамикалық режимде модельдеуге мүмкіндік береді. Бағдарламалық жасақтаманың нақты деректермен сәйкестігін тексеру үшін бірқатар сынақтар жүргізілді, осы қосымшада жинақталған жүйенің сыртқы әсерлерге және оның негізгі параметрлерінің өзгеруіне қалай жауап беретінін тексеру үшін тесттер өткізілді. Тест нәтижелеріне сүйене отырып, әртүрлі жұмыс режимдері мен параметрлеріне арналған модельденген жүйе тиісті нәтиже береді деп қорытынды жасауға болады.

### Бимұрат Жанардың

#### диссертациялық жұмысының тақырыбына талдау

4.1 Бимұрат Жанардың диссертациялық жұмысы «Белгісіздік жағдайында инвестициялық тиімділікті талдаудың модельдері мен әдістерін әзірлеу» инвестициялық бағдарламаларды іріктеудің ағымдағы процесін зерттеу және

талдау, сонымен қатар имитациялық-аналитикалық жүйенің функционалдық схемасы мен құрылымын әзірлеу және т.б. болып табылады.

*Зерттеу мақсаты:* Зерттеудің мақсаты компьютерлік модельдеуді пайдалана отырып, көптеген экономикалық параметрлердің белгісіздігі жағдайында инвестициялардың тиімділігін талдау үшін ақпараттың жүйенің модельдері мен әдістерін әзірлеу болып табылады.

*Зерттеудің өзектілігі:* Зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығы экономикалық үрдістерді компьютерлік модельдеуге имитациялық-аналитикалық көзқарасты талдап сипаттау және математикалық түрде қалыптаспайтын сипаттамалармен олардың параметрлерінің тұрақсыздығы мен ауытқуын есепке ала отырып әзірлеу болып табылады.

*4.2 Республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламамен, сонымен қатар Ұлттық мемлекеттік бағдарламамен диссертация тақырыбының байланысы.* Осы міндеттің шешімдерінің бірі макроөңірлерді қалыптастыру жолымен Қазақстанның Бірыңғай экономикалық нарығын құруға бағытталған "Нұрлы жол" мемлекеттік бағдарламасының бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс ҚР ғылымдары дамуының 3.3 «Зерделі жүйелер мен технологиялар» басым бағытына сәйкес келеді.

*4.3 Жұмыстың тәжірибелік қолданыстары.* Зерттеудің тәжірибелік маңыздылығы оның нәтижелері мен ұсынымдарын белгісіздік жағдайында инвестициялардың тиімділігін талдаудың имитациялық-аналитикалық жүйесін әзірлеуде қолдану мүмкіндігімен анықталады.

### **Мукашева Асель Коптлеуқызының**

#### **диссертациялық жұмысының тақырыбына талдау**

*4.1 Мукашева Асель Коптлеуқызының «BigData технологиялар құралдарының негізінде қант диабетін диагностикалаудың ақпараттық жүйесін зерттеу және әзірлеу» атты диссертациялық жұмысының нысаны қант диабетін диагностикалау жүйесін әзірлеу болып табылады.*

*Зерттеу мақсаты:* Қазақстан Республикасындағы қант диабетімен ауыратын науқастардың өсуін болжау әдістерін зерттеу, сонымен қатар BigData технологиясы құралдарының негізінде қант диабетін диагностика бойынша эндокринолог-дәрігерді қолдаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу.

*Жұмыстың ғылыми жаңалығы:*

– Статистикалық есептердің көптеген рұқсат етілген шешімдері негізінде алынған нәтижелер пациенттердің санын болжауға мүмкіндік берді.

– Әзірленген алгоритмдердің тиімді орындалуын қамтамасыз ететін үлестірілген есептеулер;

– Үлкен деректер массивтерінде деректерді іздеу, алу, өңдеу және талдау процестерінің тұжырымдамалық моделі жасалды;

– BigData технология құралдары негізінде қант диабетін диагностикалауға арналған жүйелік тәсіл негізінде әзірленген және сыналған ақпараттық жүйе

*4.2 Республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламамен, сонымен қатар Ұлттық мемлекеттік бағдарламамен диссертация тақырыбының байланысы.* "Ақпараттық Қазақстан 2020" мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Диссертациялық жұмыс ҚР ғылымдары дамуының 3.3 «Зерделі жүйелер мен технологиялар» басым бағытына сәйкес келеді.

4.3 Жұмыстың тәжірибелік қолданыстары. Жүйеде пациенттердің келесі жылға өсуін болжау үшін әдістерді қолдану сатып алынатын инсулиннің және диабетті бақылаудың басқа да құралдарының санын алдын ала жоспарлауға мүмкіндік береді. ҚД диагностикасы бойынша әзірленген ақпараттық жүйе алгоритмдік және бағдарламалық қамтамасыз ету негізінде ауруды диагностикалау сапасын арттыруға мүмкіндік берді.

### **Шойынбек Айсултана Арманұлының диссертациялық жұмысының тақырыбына талдау**

4.1 Шойынбек Айсултана Арманұлының «Эмоцияны дауыс арқылы тану тапсырмасы үшін эмоционалды сөйлеу мәліметтерін автоматты түрде жинау» атты диссертациялық жұмысы жасанды интеллекті қолдануда зертеуге арналған.

*Зерттеу мақсаты:* Ғылыми зерттеудің мақсаты - 80% -дан кем емес табиғи сөйлеу эмоцияларын жоғары дәлдік деңгейімен тану үшін мәліметтерді автоматты түрде жинау және таңбалау әдістері мен алгоритмдерді әзірлеу.

*Жұмыстың ғылыми жаңалығы:*

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы - эмоционалды сөйлеу сөздері түрінде мәліметтерді жинау мен белгілеудің автоматтандырылған әдісін әзірлеу. Осы диссертацияда пайда болған нәтижелер сөйлеу эмоцияларын тануда жасанды интеллект саласын айтарлықтай дамытады. Эмоционалды мәліметтерді жинау әдісін қолдана отырып, ғалымдар автоматтандырылған түрде әлемнің барлық тілдеріндегі табиғи эмоционалды сөздердің мәліметтер жинағын жинай алады.

4.2 Республикалық және аймақтық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламамен, сонымен қатар Ұлттық мемлекеттік бағдарламамен диссертация тақырыбының байланысы. "Ақпараттық Қазақстан 2020" бағдарламасы. Диссертациялық жұмыс ҚР ғылымдары дамуының 3.2 «Бағдарламалық - техникалық кешендер және жүйелер» басым бағытына сәйкес келеді.

4.3 Жұмыстың тәжірибелік қолданыстары. Диссертацияның тәжірибелік құндылығы білім беру, банктік қызмет, сақтандыру, коммуналдық қызметтер және медицина саласындағы call-орталықтардың қызметін сапалы жақсарту мүмкіндігінде жатыр.

### **5 Рецензенттердің жұмысына талдау**

Диссертациялық кеңес бойынша типтік ережеге сәйкес докторанттардың рецензенттері сайланды.

Рецензенттердің тізімі:

№	Докторант	Рецензенттер	
1	Батаев Нурлан Айбулатович	Утепбергенов Ирбулат Туремуратович – техника ғылымдарының докторы, Тұран университетінің профессоры	Самигулина Галина Ахметовна – техникалық ғылымдарының докторы, доцент, ҚР БҒМ ҒК Ақпараттық және есептеуіш технологиялар институтының «Болжамдау мен басқарудың зерделі жүйелері» зертханасының меңгерушісі
2	Бимұрат Жанар	Ташев Азат Арипович – техника ғылымдарының докторы, Қазақ еңбек және әлеуметтік	Муханов Бахыт Каскабаевич – техникалық ғылымдарының кандидаты, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу

		қатынастар академиясының «Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету» кафедрасының меңгерушісі.	университетінің «Автоматтандыру және роботтандыру» кафедрасының профессоры.
3	Мукашева Асель Коптлеуовна	Өскенбаева Р.К. – техника ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінің профессоры	Гнатюк Сергей Александрович - техникалық ғылымдарының докторы, доцент, Ұлттық авиация университетінің «Киберқауіпсіздік, компьютерлік және программалық инженерия» факультеті деканының орынбасары. (Киев қ.).
4	Шойынбек Айсултан Арманұлы	Ақшабаев Аскар – PhD доктор, Қазақстан-Британ университетінің профессоры	Омирбекова Жанар Жумаханқызы – PhD доктор, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің «Автоматтандыру және роботтандыру» кафедрасының ассистент профессоры

Рецензенттердің пікірлері ҚР Білім және ғылым министрлігінің білім саласындағы бақылау комитетінің «Ережелерінің...» талаптарына толық сәйкес келеді, сонымен қатар барлық рецензиялар уақытында орындалды. Сапасыз пікірлер болған жоқ.

– **Қарама–қайшы шешімдерді қабылдау ақпарат:** диссертациялық жұмыстарда қарама–қайшы шешімдер болған жоқ.

– **Диссертация қорғауға шықпаған докторантар туралы ақпарат:** (қандай да, бір себеп бойынша):

ДК жоспарымен келісілген 2020 жылдың соңына дейін қорғауды жоспарлаған үміткерлер саны 4 адамды құрады.

#### **6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

Диссертациялық кеңестің типтік ережесіне келесі өзгерісті енгізуді ұсынамыз:

Диссертациялық кеңес жұмыс істейтін ЖОО-ның тиісті кафедраларының ғылыми семинарларында докторанттарды тыңдағаннан кейін диссертациялық жұмыстарды (басқа ұйымдарды) қорғауға қабылдауды жүзеге асыру.

#### **7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер**

	6D070300 - Ақпараттық жүйелер мамандығы	6D070400 - Есептеу техникасы және бағдарлама- лық қамтамасыз ету мамандығы	6D070200 – Автоматтандыру және басқару
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-

Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	2	1	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан		1	
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	2	1	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан		1	

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы, т.ғ.д., профессор

Диссертациялық кеңестің  
ғыл.хатшысы



Сулейменов Б.А.